

## Сверка часов перед посевной кампанией



**В случае благоприятных погодных условий, в нынешнем году посевную кампанию планируется начать не позднее 10 мая. К настоящему моменту в нашем регионе, даже в условиях карантинного режима, проблем со стартом весенней страды нет.**

Об этом и не только сообщил в ходе беседы руководитель отдела сельского хозяйства акимата г. Аркалыка Руслан КУЛЕТОВ. Более того, с учетом, что в нашем регионе в период посевной кампании в немалой части работают именно приезжие из других регионов области и стра-

ны, более 50 сельских хозяйств Аркалыка уже обратились о содействующей помощи.

Речь идет о пропуске через блокпосты проверенных на коронавирусную инфекцию работников отрасли сельского хозяйства и допуске их к работе. В данном плане, как собственно и того, что касается помощи с семенами и удобрениями, работа налажена, как часы. После того, как заявка в электронном виде поступает от сельхозпроизводителя в отдел сельского хозяйства акимата г. Аркалыка она отправляется в управление сельского хозяйства Костанайской области и в областной штаб департамента внутренних дел. Там она обрабатывается и уже в течение того же дня поступает ответ.

Что касается текущих сельскохозяйственных работ, то уже было проведено снегозадержание, а в настоящий момент и до самой посевной проходит закрытие влаги в почве. Также ближе к посевной семена будут сушиться под солнцем. Р. Кулетов не преминул подчеркнуть, что по линии Аграрной кредитной корпорации более 55 глав крестьянских хозяйств подали заявления на получение кредитов. Если в прошлом году сумма кредитования составила 550 млн. тенге, то уже в нынешнем 620 млн. тенге. Кредитная линия остается открытой до сих пор, финансовые институты продолжают работать. В первое время, конечно, были проблемы по кредитам, связанные с залоговым имуществом. Однако в

настоящее время их удалось решить и теперь ЦОН принимает документы на получение кредитов еженедельно во вторник и пятницу в период с 14.00 до 17.00 часов.

Также ранее сообщалось, что льготное ГСМ четырьмя поставщиками региона реализовывалось по цене 177 тенге за литр. Однако после обращения Главы государства К.-Ж. Токаева цена была снижена до 165 тенге. Таким образом, 36% заключили договора по цене 177 тенге до обращения Президента и 64% после. В данном плане сельхозпроизводители, которые уже заключили договора по старой цене, имеют возможность либо вернуть переплату, либо оставить часть этих средств на приобретение удешевленного

дизельного топлива в следующий период.

Что касается изменений в сфере сельского хозяйства, то, к примеру, в прошлом году в пользу диверсификации сельхозпроизводства льготы можно было получить на минеральные удобрения. В нынешнем году ожидается выход документа, в рамках которого, помимо льгот на минеральные удобрения ожидаются также субсидии на семена и гербициды. К примеру, в нашем регионе на льготную поддержку сможет рассчитывать ТОО «Аркалыкская сельхозхозяйственная опытная станция», которая планирует увеличить площадь орошаемых земель под овощи и бахчевые до 800 га.

Виталий СЯПИН



## Нан бағасы тағы да өсті

**Ас атасының бір бөлкесі қаламызда 5 теңгеге өсті. Оның себебі неде?**

Бұған дейін 80 теңге болған нан құны 5 теңгеге қымбаттап, 85 теңгеден сатыла бастады. Күнделікті тұтынатын бас тағамымыздың бағасының өсуіне тұрақтандыру қорынан нан өндірушілерге арзан бағамен ұн беру уақытша тоқтатылып тұрғанымен байланысты екен. Аркалық қалалық әкімдігі ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Руслан Есболатұлы

мәлімдегендей, ас атасының қымбаттауына сондай ақ, ұн келісінің мемлекет белгілеген шекті бағасының 146 теңгеге өсуі де себеп болып отыр. Осылардың салдарынан наубайханалардан нан 83 теңгеден шығарылса, дүкен 2 теңге қосып, 85 теңгеден сата бастады.

Естеріңізге сала кетсек, нан құны қаламызда өткен жылдың наурыз айынан бері төртінші мәрте өсіп отыр. Оған дейін 65 теңгеден сатылған ас атасы 2019 жылдың наурыз айында – 70, сәуірде – 75, қыркүйекте – 80 теңгеге көтерілген еді.

## Уважаемые жители города Аркалык!

На базе Ремонтно-механического цеха ТБРУ создано

### ТОО «ARQALYQREMSERVIC»,

которое занимается **ИЗГОТОВЛЕНИЕМ** и **ВОССТАНОВЛЕНИЕМ** запасных частей и изделий из металла (котлы, двери, решетки).

Специалисты нашего предприятия **МОГУТ ПРОИЗВОДИТЬ:** токарные, сверлильные, кузнечные, сварочные и другие работы по изготовлению и восстановлению втулок, валов, шестерен и т.д. согласно чертежам или образцам заказчика.

На территории предприятия **ОРГАНИЗОВАНА БРИГАДА ПО РЕМОНТУ ДВС К-700, сеялочных агрегатов и прочей сельскохозяйственной техники, расточка коленчатых валов.**

**Все вопросы по телефону: 8-702-386-93-66**





## Рухани жаңғыруу: ұлттық сана мәселелері

**Рухани байлығымызға деген серпілістің қайтадан жандана бастауына Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыруу» атты бағдарламалық мақаласы себеп болғаны шындық. Бүгінгі күні осы бағдарламаның іске асып келе жатқанына үш жыл толып отыр. Осы жылдар аралығында еліміздің барлық білім ордаларында, оның ішінде институтта республикалық, аймақтық және қалалық көлемде бірнеше іс-шаралар жүзеге асқандығын атуымыз керек. Соның арасында халықаралық көлемдегі ғылыми-тәжірибелік конференциялар, бірнеше деңгелек үстелдер мен семинарлар, кездесулер мен ашық лекциялар өз дәрежесінде өтті дегуе болады.**

Әрине, бұлардың барлығы дерлік қағаз немесе жоғары жаққа есеп беру үшін жасалып жатқан жоқ. Оның нақты іске асып жатқанын баса айтудымыз керек. Оның үстіне биылғы жыл қазақ халқы үшін ауыз толтырып айтатын мерейтойға толы жыл болып тұр: Қазақстан Республикасының Конституциясына – 25 жыл, Ұлы Отан соғысындағы жеңіске – 75 жыл, Алтын Орда мемлекетінің құрылғанына – 750 жыл, Қазақ хандығының құрылғанына – 555 жыл, Әлемнің «Екінші Ұстазы» атанған Әбу Насыр Әл-Фараби бабамызға – 1150 жыл, Шоқан Уәлихановтың туғанына – 185 жыл, Міржақып Дулатовтың туғанына – 135 жыл, Қазақстан Халқы Ассамблеясына – 25 жыл, Қазақ Кеңестік Автономиясының құрылғанына 100 жыл және Ұлы ақынмыз Абай Құнанбайұлының туғанына – 175 жыл. Бұлардың барлығы қазіргі жастардың бойында рухани құндылықтарының қалыптасуына, өз ұлтының тарихына деген қызығушылық пен сүйіспеншіліктің оянуына игі әсері мол шаралар деп есептейміз керек. Естір құлақ, оқитын оқырман болса, біз осы мәселеге байланысты айттар сөзімізді, ойымыз бен пікірімізді, атқарар ісімізді одан әрі алдағы уақытта да жалғастыра береміз. Бүгінгі тақырып та рухани жаңғырудың бір тармағына арналып отыр.

Ұлттық тарихты ұлттық болмыспен оқыту ғана емес, оны өзіндік жолмен түсіне білу – ұлттың мықты болуының басты жолы болып табылады. Себебі ұрпақты ұлт тарихымен, ұлттың барлық асыл қасиеттерін бойына жинақтаған, ұлттың ірі тұлғаларының өмірбаяндарын оқыту арқылы тәрбиелеуге болады. Сонда ғана Ұлы Абай айтпақшы: «Болмаса да ұқсап бағатын» ұлт жана-шырларының қалыптасуына мүмкіндік болар еді.

Орыс халқының атақты жазушысы Максим Горький бы-



лай деп жазды: «Ұлы халықтар бар өзінің кішкентай ұлдарын ұлы етіп көрсете алатын, ұлы тұлғалар бар өзінің кішкентай халқын ұлы етіп көрсете алатын». Жаны бар сөз. Әсіресе біздің ұлттымызға байланысты айттылды ма деп ойлайсың. Көпшеді қоғамның бел ортасында жүріп халқын өле сүйреген ұлы тұлғалар туралы «Барлық қоғамдық орта секілді қазақ даласы да ғасырлар бөделінде өзінің ұлы ұландарын туғызып отырды, бірақ олар өзінше ерек, далалық табиғатқа тартатын» – деп, кезінде атап өткен қазақтың біртуар ұлы Міржақып Дулат жазғандай Ұлы Даланың ұлы есімдерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыру, мына біздің тікелей міндетіміз екендігін ұмытпауымыз керек. Осы ұлы тұлғалардың ел алдында атқарған қызметтеріне, ұлтқа сіңірген еңбектеріне қарап отырып, болашақ ұрпақ күш-жігер алып, ұлттық тарихты оқып-үйрену арқылы одан сусындап, болашақ өмірге бастайтын нәр алады.

Ұлттық сананың бір көрінісін тілден байқауға болады. Себебі ұлттың ұлт болуы – тілінде жатыр. Қазақ тілінің мерейін шығарағын да, оны болашақ ұрпаққа жеткізетін де өзіміз. Себебі ұлттың бет-бейнесін айқындайтын тіл туралы, оның ұлттың болашағында алатын орны мен маңызы туралы Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Бауыржан Момышұлы сияқты ұлттың ірі тұлғаларының сөзінен асып ешкім айтпа алмас.

Қазақ тілі қазақ тілін менсінбейтіндер үшін кедей, өз ойыңды жеткізуге қауқарсыз, тек қарапайым, күнделікті тұрмыста қолданылатын тіл емес, қазақ тілі бірнеше ғасырлар бойы Ұлы Даланың негізгі қарым-қатынас тілі болған. Оған XIX ғасырда Қазақстанға келген шетелдің саяхатшылардың батысынан шығысына дейін 3 мың, солтүстіктен оңтүстікке дейін 2 мың шақырым жердегі қазақ халқының географиялық тұрғыдан кең жерді алып жатса да, ешқандай тілдік өзгешеліктің болмағандығына таңданыспен қарағандығы туралы тарихи деректер куә. Бұл әлемдік тәжірибеде сирек болатын құбылыс, себебі шағын жерді алып жатқан еуропалық мемлекеттердің өзінде бір халықтың бір-бірін түйсінбейтін диалектілерде сөйлесетін бар. Бұл нені білдіреді? Бұдан ұлттың өз тіліне деген тілдік біртұтастықты, ұлттық құндылықтың жоғары тұруын, тілге деген құрметті

байқаймыз.

Көне заманнан осы күнге дейін жеткен халық ауыз әдебиетінің барлық үлгілері осы тілде жетті, мәдениет те, ғылым да бейнелі қазақ тілінде ұрпақтан ұрпаққа жеткенін біз білуіміз керек. Осы тілмен ата-бабаларымыз ұлы-ғайыр елді ғасырлар бойы басқарып, орта ғасырларда қазақ тілін Еуразия аймағындағы халықаралық тіл дәрежесіне дейін жеткізген. 1303 жылы Қырымда басылып шыққан «Қодекс куманикус», яғни «Қыпшақ тілдерінің сөздігі» бекерден бекер жазылмаса керек. Тіпті мынадай қызықты мәлімет таң қалдырады. Ұлты неміс түркі тілдес халықтар тарихының білгірі орыстың атақты ғалымы В.В.Радлов XIX ғасырда былай деп жазыпты: «Я считаю великими три языка из всего числа мировых языков, это – русский, французский и казахский». XIX ғасырда осындай дәрежеде болған тіліміздің азантай уақыт аралығында бейшара халге дейін түсіп кеткеніне сенгің де келмейді. XX ғасырдың басында қазақ тілінің құндылығын зерттеген орыс ғалымдары С.Малов, А.Брем, А.Янушкевич қазақ тілін әлемдегі өте бай тілдердің қатарына жатқызып, оның 2,5 миллионнан артық сөздік қоры бар екендігіне назар аударған. Мұхтар Әуезовтің қазақты әлемге танытқан «Абай жолы» романы эпопеясы тілдік қорымыздың молдығынан жазылып, әлемдік жауһарлардың біріне айналды. Қазіргі уақытта да қоғамның барлық саласы мемлекеттік тілімізбен сабақтас екендігін түсіне білуіміз керек.

Сөз соңында: «Ұлы мәдениеттер өзінің кішкентай өкілін де жоғалтпайды, ол сонысымен ұлы; ал кішкентай мәдениет өзінің ұлы өкілдерін де оп-оңай жоғалтып алып жатады, ол сонысымен кіші» деп әлемдік мәдениет зерттеушілерінің ірі өкілінің бірі О.Сүлейменов айтқандай, қазіргі жаһандану процесінде қазақ халқы сияқты кіші-гірім ұлттың жойылып кету қаупі жоғары. Одан аман шығудың бірден-бір жолы тек қана өзіндік ұлттық құндылықты сақтап қана қоймай, оны одан әрі дамыту мәселесі біздің күнделікті жұмысымыздың басты принципіне айналуы қажет.

**Роман АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ,**  
**Ы.Алтынсарин атындағы Аркалық мемлекеттік педагогикалық институтының доценті, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңесінің директоры.**

## Қостанай облысында мемлекеттік қызметшілердің құқықтары қалай қорғалуда?

Қазіргі таңда мемлекеттік аппарат алдында тиімділігі жоғары, ұтқыр, азаматтарға бағдарланған және үнемі жетілдіретін ұйымға қошу қажеттігінен тұратын міндет тұр. Бұл ұйымның басты капиталы – онда жұмыс істейтін адамдар.

Жоғары кәсіби қызметшілер өздерінің ұзақ мерзімді мансабын мемлекеттік аппараттың байланыстыру үшін мемлекеттік қызмет тартымды жұмыс орнына айналуы тиіс.

Бұл ретте, аталған мақсатқа қол жеткізу құралдарының бірі мемлекеттік қызметшілер құқықтарының сақталуына қамтамасыз ету болып табылады. Алайда, халықтың өмір сапасын жоғарылату, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын қызметшілердің өздерін кім қорғайды деген сұрақ туындауы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері Агенетігі мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама талаптарының сақталуына бақылау жүргізу арқылы осы мәселені ешқашан назардан тыс қалдырған емес.

Адам қандай жұмысты таңдаса да ең бастысы жүрек қалауының жақынына, сондай-ақ жалақысының көлеміне де көңіл бөледі. Қазіргі таңда, мемлекеттік қызметшілердің жалақысы республика бойынша орташа жалақыдан аз болмаса көп емес. Бұл ретте, қызметшілердің еңбекақысы атқарып отырған лауазым санатына және еңбек өтілі бойынша есептелетіндігін атап өткен жөн. Еңбек өтілін есепке алған уақытта мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық айлықақыларын белгілеуге құқық беретін еңбек өтілдерінің тізбесі қарастырылған.

Алайда, бұл бағытта кейбір мемлекеттік органдарда жұмыс тиісінше орындалмайтындығын көрсетті. Мысалға, 9 мемлекеттік ордала жүргізілген тексеру шаралары нәтижесінде 21 мемлекеттік қызметшіге жалпы сомасы 1 200 000 мың теңгеден астам көлемде қаражат қайтарылды.

Қаражатпен байланысты тағы бір мәселе ол қызметшілердің қызметтік іссапар шығыстарының толық және уақытылы төленуі. Жыл сайын жүргізілген талдау өз нәтижелерін беруде. Егер 2018 жылдың қорытындысы бойынша 1 миллионға жуық іссапар шығыстары қызметшілерге төленбегені анықталған болса, 2019 жылы 300 мың теңгеден астам іссапар шығыстары қайтарылмаған. Департаментпен қабылданған шаралар бойынша бұзушылықтар орнына келтірілді.

Мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыру да өз септігін тигізуде. Оған мысал, мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік жауапкершілігі 2018 жылмен салыстырғанда қызметшілердің заңсыз іс-әрекетіне қатысты келіп түскен хабарламалар 37%-ға азайған, сәйкесінше жауапкершілікке тартылғандар 113-тен 89-ге дейін азайды.

Алайда, осы қызметшілерді тәртіптік жауапкершілікке тарту да олардың құқықтары қорғалмайтын жағдайлар орны алып жағады. Бұзушылықтардың басым бөлігі қызметшінің теріс қылықпен келіспеуіне қарамастан қызметтік тергеу

тексеру жүргізбей тәртіптік жауапкершілікке тартуы, тәртіптік жаза қолдануда заңмен қарастырылған мерзімдерді сақтамауы болып табылады.

Мысалға, ақпан айында өткен Әлеп жөніндегі кеңесте 2019 жылдың 4 тоқсанындағы тәртіптік комиссиялардың жұмысына жүргізілген талдау нәтижелері қарастырылып, 2017 жылдары жасаған теріс қылыққа 2 жылдан артық уақыт өткеннен кейін тәртіптік жазаға тартқан 2 өкімнің күші жойылды.

Жалпы, 2019 жылдың өзінде Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қостанай облысы бойынша Департаментімен 12 тәртіптік жаза қолдану туралы актісі жойылды.

Әлеп жөніндегі кеңеспен бірге мемлекеттік органдардағы тәртіптік комиссияның қызметі де қызметшілердің құқығын сақтауға да бағытталғандығын айтуға болады. Себебі, 2017 жылдары комиссияда қаралған істердің 60%-дан көбі тәртіптік жазаға тартумен аяқталса, 2019 жылы керісінше 60%-ға жуығында тәртіптік қылықтар көрінісі жоқ деп ұсыныс шығарылған.

Мемлекеттік қызметшілердің жұмыстан тыс ұстемеақысыз жұмысқа тартылуына келетін болсақ, 2019 жылдан бері атқарылған шаралар нәтижесінде, яғни Әлеп жөніндегі кеңес мүшелерімен, уәкілдермен, қоғамдық ұйым өкілдерімен жүргізілген профилактикалық шаралар жүргізу, қолжетімділік есепке алуы бақылау жүзесінде талдау өткізу, жұмыстан кейінгі компьютерлерді автоматты түрде өшіру бағдарламасын орнату арқылы бұл мәселе де өз шешімін тапты. Қазіргі таңда, ұстеме жұмысқа қызметшілер заң талабына сай жүргізіледі. Яғни, ұстеме жұмысқа тартылған жағдайда ұстемеақы немесе демалыс күндері беріледі.

Мысалға, 2020 жылғы қаңтар айында Білім басқармасы мен Жолаушылар коллігі және автомобиль жолдары басқармасында ұстеме жұмысқа тартылған 14 қызметшіге демалыс беру қарастырылған.

Бұдан басқа, 2019 жылы Департаментпен мемлекеттік қызметшілердің құқықтарының сақталуын жүзеге асыру мақсатында қызметшілерге еңбек демалысын беруде күндер санының тиісінше берілуіне, уақытында төленуіне, қысқартылған жағдайда өтемақының төленуіне, уақытылы оқытуға жіберілуіне де талдау жүргізіліп қызметшілердің құқықтары қорғалды.

Осылайша, Департаментпен әрдайым мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғау бойынша жұмыс өз жалғасын таба бермек.

Егер мемлекеттік қызметшілердің құқықтары бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қостанай облысы бойынша Департаментіне (Қостанай қаласы, Қасымханов көшесі, 34 үй, 505 кабинет) немесе 8-714-2-39-31-65 сенім телефоны арқылы, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі парақшаларға хабарлама қалдыру арқылы шағым жасауға құқықтарыңыз бар екендігін ескертеміз.

**Асхат ИСКЕНДИРОВ,**  
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері Агенетігінің Қостанай облысы бойынша Департаментінің басшысы, Әлеп жөніндегі кеңестің Төрағасы**